

Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округіне қарасты "Ескі ауыл" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 492 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 26 қыркүйекте № 5-16-146 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 қарашадағы № 528 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 22.11.2019 № 528 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 401 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округіне қарасты "Ескі ауыл" учаскесінде мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Оразбаев